

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 356 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

B. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 18 маусымдағы
№ 356 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және оның саудасы жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1058 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 530-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және оның саудасы жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар болып айқындалсын.".

2. "Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жараптарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өндеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1059 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 531-құжат):

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жараптарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және өндеу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар болып;".

3. "Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарап пен

әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды өзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1060 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 70-71, 532-құжат):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды өзірлеу, өндіру, жөндеу, алу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру бойынша лицензиар болып айқындалсын.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК